

Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету тәртібін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 10 мамырдағы № 41 шешімі

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 24-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 18-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы шешімі күшіне енген күннен бастап, бірақ ерте дегенде осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 10 мамырдағы
№ 41 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 24-тармағына сәйкес әзірленді және карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету қағидаларын белгілейді.

2. Осы Тәртіпті Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдары (бұдан әрі сәйкесінше – уәкілетті органдар, мүше мемлекеттер) мен карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханалары қолданады.

3. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"карантиндік фитосанитариялық сараптама" – карантинге жатқызылған өнімдердің (карантинге жатқызылған жүктердің, карантинге жатқызылған материалдардың, карантинге жатқызылған тауарлардың) үлгілерін (сынамаларын), карантиндік объектілерді және реттелетін карантинге жатқызылмаған зиянды организмдерді зерттеу және карантинге жатқызылған өнімдердің (карантинге жатқызылған жүктердің, карантинге жатқызылған материалдардың, карантинге жатқызылған тауарлардың) карантиндік фитосанитариялық ахуалы туралы қорытынды беру жөніндегі рәсімдер кешені;

"карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханалары" – білікті мамандары бар және карантинге жатқызылған өнімдер (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) үлгілерінің (сынамаларының) карантиндік фитосанитариялық ахуалына зерттеу жүргізу үшін қажетті техникалық құралдармен жабдықталған уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі не уәкілетті органға бағынысты ұйым болып табылатын сараптамалық ұйымдар, сондай-ақ өзге де мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өсімдіктер карантині саласында зерттеулер орындауға аккредиттелген (аттестацияланған) және (немесе) уәкілетті ұйымдар;

"карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамсыз ету" – карантинге жатқызылған өнімдердің (карантинге жатқызылған жүктердің, карантинге жатқызылған материалдардың, карантинге жатқызылған тауарлардың), карантиндік объектілердің және реттелетін карантиндік емес зиянды организмдердің үлгілерін (сынамаларын) іріктеу, айналымы, көрсетілген үлгілерге (сынамаларға) карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу, карантиндік фитосанитариялық сараптама нәтижелерін құжаттандыру, карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаларының қызметін ақпараттық, материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша рәсімдер кешені.

Осы Тәртіпте пайдаланылатын өзге ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен және Өсімдіктер карантині және қорғау жөніндегі халықаралық конвенциямен (Рим қ., 1951 жыл) белгіленген мәндерде қолданылады.

II. Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негізгі қағидаттары

4. Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

а) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаларын орналастыру мен жабдықтауды оңтайландыру;

б) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаларын карантиндік фитосанитариялық сараптаманы жүзеге асыратын білікті персоналмен жиынтықтау және оның кәсіби деңгейін арттыру;

в) үлгілерді (сынамаларды) жасырын ауыстыру және (немесе) олар туралы есепке алу немесе басқа құжаттардағы жазбаларды бұрмалау мүмкіндігін болдырмау үшін, сондай-ақ карантиндік фитосанитариялық сараптаманың алынған нәтижелерінің объективтілігі мен бейтараптылығын қамтамасыз ету үшін карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктің, карантинге жатқызылған материалдың, карантинге жатқызылған тауардың), карантиндік объектілердің немесе реттелетін карантиндік емес зиянды организмдердің үлгілерін (сынамаларын) (бұдан әрі – үлгілер (сынамалар)) шифрлау жүйесін енгізу;

г) үлгілерді (сынамаларды) зерттеу әдістерін (әдістемелерін) фитосанитариялық шаралар бойынша халықаралық және өңірлік стандарттармен (диагностикалық хаттамалармен) үндестіру;

д) жұмыста жаңашыл әзірлеменің экспресс-әдістерін қолдану арқылы карантиндік фитосанитариялық сараптамалар нәтижелерін алудың жеделдігін қамтамасыз ету;

е) карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу процесінде карантиндік объектілердің және реттелетін карантиндік емес зиянды организмдердің таралуына жол бермеу;

ж) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханалары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

III. Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

5. Карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

а) үлгілердің (сынамалардың) айналымы (оларды уәкілетті органның карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасына тапсыруы және олардың осы зертхана шегінде орын ауыстыруы);

б) фитосанитариялық шаралар бойынша халықаралық және өңірлік стандарттармен (диагностикалық хаттамалармен) үндестірілген әдістерді (әдістемелерді) немесе стандарттарды қолданып, үлгілерге (сынамаларға) карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу;

в) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасы қызметкерінің уәкілетті органның лауазымды тұлғасына карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктің, карантинге жатқызылған материалдың, карантинге жатқызылған тауардың) карантиндік фитосанитариялық ахуалы туралы қорытындыны ұсынуы;

г) уәкілетті орган жүзеге асыратын карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаларын ақпараттық, материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

6. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханалары мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес әкелінетін және орын ауыстыратын карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктің, карантинге жатқызылған материалдың, карантинге жатқызылған тауардың) түрлері мен көлемдері, осындай зертханалар орналастырылатын мүше мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірлігі аумағындағы карантиндік фитосанитариялық ахуал ескеріле отырып орналастырылады.

7. Жүргізілетін карантиндік фитосанитариялық сараптамалардың түрлері мен көлемдеріне қарай карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасында диагностиканың сәйкес әдістері пайдаланылады, қажетті үй-жайлар мен жабдықтардың саны мен тағайындалуы анықталады, білікті персонал қалыптастырылады, жабдықты тексеру қамтамасыз етіледі, орындалған жұмыстардың сапасын басқару жүйесіне қолдау көрсетіледі.

8. Үлгілерге (сынамаларға) энтомологиялық, микологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, нематологиялық және гербологиялық зерттеулер жүргізуді көздейтін карантиндік фитосанитариялық сараптамалар № 1 қосымшаға сәйкес мерзімдерде жүргізіледі.

IV. Үлгілерді (сынамаларды) іріктеу және айналымы

9. Үлгілерді (сынамаларды) іріктеуді уәкілетті органның лауазымды тұлғалары және (немесе) уәкілетті органның шешімі бойынша – карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасының мамандары жүзеге асырады.

10. Карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізуге жіберілетін іріктеп алынған үлгілер (сынамалар) буып-түйіледі және көрсетілген сараптама жүргізгенге дейін оларды сақтауды қамтамасыз ететін тәсілмен мөр басылады. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасына келіп түскен кезде үлгілер (сынамалар) иесіздендіріледі, олар туралы мәліметер карантиндік фитосанитариялық сараптама өткізгенге дейін дербес нөмірлер беру жолымен шифрланады. Үлгілерді (сынамаларды) шифрлау жүйесі үлгілерді (сынамаларды) жасырын ауыстыру және (немесе) олар туралы есепке алу немесе басқа құжаттардағы жазбаларды бұрмалау мүмкіндігін болдырмауы және карантиндік фитосанитариялық сараптаманың алынған нәтижелерінің объективтілігі мен бейтараптылығын қамтамасыз етуі тиіс. Үлгілер (сынамалар) туралы мәліметтердің мағынасын ашу карантиндік фитосанитариялық сараптама аяқталған соң жүзеге асырылады.

Іріктеп алынған үлгілер (сынамалар) буып-түйіледі, мөр басылады және карантиндік объектілермен реттелетін карантиндік емес хиянды организмдердің таралуын болдырмайтын тәсілдермен тасымалданады.

11. Карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізуге жіберілетін үлгілерге (сынамаларға) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасында үлгілерді (

сынамаларды) тіркеу үшін негіздеме болып табылатын сәйкес ақпарат (этикетка) ілесіп жүреді.

12. Карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізуге келіп түскен үлгілер (сынамалар) оларды жасырын ауыстыру және карантиндік объектілерді және реттелетін карантиндік емес зиянды организмдерді қайта жұқтыру (ластану) мүмкіндігін болдырмайтын, сондай-ақ карантиндік объектілер мен реттелетін карантиндік емес зиянды организмдердің қоршаған ортаға түсуі мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда сақталады.

13. Үлгілер (сынамалар) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасында барлық қажетті сараптамаларды жүргізу аяқталғанға және құжаттар берілгенге дейін сақталады. Үлгілер (сынамалар) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасында немесе өзге орында мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес осы Тәртіптің 12-тармағында көрсетілген талаптар орындалған жағдайда карантинге жатқызылған өнімнің жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу аяқталғаннан кейін ең көбін 3 ай ішінде сақталады. Егер карантиндік объектінің немесе реттелетін карантиндік емес зиянды организмнің үлгісі ғылыми құндылықты ұсынған немесе оны анықтамалық немесе коллекциялық материал ретінде сақтау қажет болған жағдайда оны мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес сақтауға немесе оның таралуы мүмкіндігін болдырмайтын талаптарда сараптамалық ұйымға тапсыруға болады.

14. Үлгілерді (сынамаларды) жою мүше мемлекеттердің заңнамаларымен белгіленген карантиндік объектілердің таралуы мүмкіндігін болдырмайтын әдістерді қолдана отырып жүргізіледі.

V. Карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу, оның нәтижелерін ресімдеу және пайдалану

15. Карантиндік фитосанитариялық сараптаманың негізгі мақсаттары карантиндік объектілер мен реттелетін карантиндік емес зиянды организмдерді анықтау және сәйкестендіру болып табылады.

16. Үлгілерді (сынамаларды) талдау нәтижелері карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктің, карантинге жатқызылған материалдың, карантинге жатқызылған тауардың) карантиндік фитосанитариялық ахуалы туралы қорытынды ресімдеу үшін негіздеме болып табылатын зертханалық зерттеу хаттамасы түрінде ресімделеді.

17. Карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізу нәтижелері бойынша карантиндік фитосанитариялық (сараптама) зертханасы карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктің, карантинге жатқызылған материалдың, карантинге жатқызылған тауардың) карантиндік фитосанитариялық ахуалы туралы қорытынды жасайды.

18. Іріктеуді, тіркеуді, карантиндік фитосанитариялық сараптама жүргізуді растайтын құжаттар және карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктің, карантинге жатқызылған материалдың, карантинге жатқызылған тауардың) карантиндік фитосанитариялық ахуалы туралы қорытынды карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасында немесе өзге орында мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес карантиндік фитосанитариялық сараптаманы жүргізу аяқталғаннан кейін 1 жыл ішінде сақталады.

19. Карантиндік фитосанитариялық сараптама нәтижелері:

а) карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктің, карантинге жатқызылған материалдың, карантинге жатқызылған тауардың) карантиндік фитосанитариялық ахуалын белгілеу кезінде;

б) карантинге жатқызылған объектінің карантиндік фитосанитариялық ахуалын белгілеу кезінде;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық ахуалға мониторинг жүргізу кезінде;

г) карантиндік фитосанитариялық тексеру жүргізу кезінде;

д) ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде;

е) фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу кезінде;

ж) өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің өзге де жағдайларында пайдаланылады.

VI. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаларды ақпараттық қамтамасыз ету

20. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертхананың ресми сайтында және (немесе) уәкілетті органның "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайтында осы зертхана туралы мынадай ақпарат жарияланады:

а) байланыс деректері;

б) карантиндік объектілердің және реттелетін карантиндік емес зиянды организмдердің тізбесі;

в) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасында пайдаланылатын карантиндік фитосанитариялық сараптамалар жүргізу әдістерінің тізбесі.

21. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханалары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл мынадай ақпаратты алмасу арқылы жүзеге асырылады:

а) пайдаланылатын карантиндік объектілер мен реттелетін карантиндік емес зиянды организмдерді анықтау және сәйкестендіру әдістері мен әдістемелері;

б) зертхана персоналының біліктілігін арттыру;

в) карантиндік фитосанитариялық шараларды зертханалық қамтамасыз етуге қатысты өзге де ақпарат.

VII. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаларды материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

22. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханалар мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес № 2 қосымшаға сәйкес карантиндік фитосанитариялық сараптамалар жүргізу үшін қажетті зертханалық жабдықтар мен материалдардың типтік тізбесін ескере отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптамалар жүргізуді және сенімді нәтижелер алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін заманауи ғылыми-итехникалық деңгейде үлгілердің (сынамалардың) карантиндік фитосанитариялық ахуалына зерттеу жүргізу үшін қажетті материалдық және техникалық құралдармен жабдыкталады.

23. Карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханаларды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді мүше мемлекеттердің ғылыми-зерттеу ұйымдары жүзеге асырады.

Карантиндік фитосанитариялық
шараларды зертханалық
қамтамасыз ету тәртібіне
№ 1 ҚОСЫМША

Үлгілерге (сынамаларға) энтомологиялық, микологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, нематологиялық және гербологиялық зерттеулер жүргізу кезінде карантиндік фитосанитариялық сараптамалар жүргізу МЕРЗІМДЕРІ

Зерттеу әдісінің атауы	Зерттеу объектісі	Өткізу мерзімі, жұмыс күндерінің саны*
I. Карантинге жатқызылған үлгілерді (сынамаларды) энтомологиялық зерттеу		
1. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінің (сынамаларынан) жәндіктерді (бунақаяқтыларды) бөлу	1 үлгі (сынама)	1
2. Феромонды немесе түрлі-түсті тұзақтардан жәндіктерді (бунақаяқтыларды) бөлу	1 тұзақ	1
3. Тағамдық жемдерден, сыпырындыдан жәндіктерді (бунақаяқтыларды) қол әдісімен немесе електен өткізіп бөлу	1 жем (сыпырынды)	1
4. Тағамдық жемдерден, сыпырындыдан жәндіктерді (бунақаяқтыларды) флотация әдісімен бөлу	1 жем (сыпырынды)	1
5. Жарықты тұзақтардан жәндіктерді (бунақаяқтыларды) бөлу	1 тұзақ	1
6. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен жасырын жұқтыру		

кезінде жәндіктерді (бунақаяқтыларды) флотация, бояу, люминесценция, рентгеноскопия немесе аудиоскопия әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	2
7. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) жәндіктерді (буынаяқтыларды) өсіп жетілдірумен (сәйкестендіруге жарамды сатыда алу үшін) бөлу	1 үлгі (сынама)	30
8. Жәндіктерді (буынаяқтыларды) көзбен және (немесе) микропрепарат дайындамай микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
9. Жәндіктерді (буынаяқтыларды) микропрепарат дайындаумен микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
10. Жәндіктерді (буынаяқтыларды) "классикалық" ПТР, FLASH-ПТР, "шынайы уақыттағы" ПТР, рестрикционды фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу ПТР түрлендіруінде полимеразды-тізбектеу реакциясын пайдаланып сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
11. Жәндіктерді (буынаяқтыларды) ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
II. Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) микологиялық зерттеу		
12. Картоп түйнегі үлгісінен (сынамасынан) картоптың жемір ауруын қоздырушыны бөлу	1 үлгі (сынама)	1
13. Топырақ үлгісінен (сынамасынан) картоптың жемір ауруын қоздырушыны бөлу	1 үлгі (сынама)	2
14. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді организмдерді көзбен көру әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	1
15. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді		20

организмдерді ылғалды камерада өсіру әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	
16. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді организмдерді коректік ортада өсіру әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	20
17. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) саңырауқұлақ тәрізді организмдерді биотұзақ әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	20
18. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) саңырауқұлақтарды спораны шаю және центрифугалау әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	2
19. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді организмдерді микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
20. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді организмдерді "классикалық" ПТР, FLASH-ПТР, "шынайы уақыттағы" ПТР, рестрикцияны фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу ПТР түрлендіруінде полимеразды-тізбектеу реакциясын пайдаланып сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
21. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді организмдерді иммунды ферменттік талдау (ИФТ) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
22. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді организмдерді ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
23. Саңырауқұлақтар мен саңырауқұлақ тәрізді организмдер үшін патогендік тест	1 сәйкестендіру	60
24. Саңырауқұлақтарды (саңырауқұлақ тәрізді организмдерді)		1

масс-спектрометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	
III. Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) бактериологиялық зерттеу		
25. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) бактерияларды айырғыш буферге бөлу	1 үлгі (сынама)	2
26. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) бактерияларды қоректік ортада (соның ішінде селективті) өсіру әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	14
27. Бактерияларды биохимиялық әдіспен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	20
28. Бактерияларды биологиялық әдіспен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	60
29. Бактерияларды иммунофлуоресценттік талдау (ИТ) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
30. Бактерияларды иммунды ферменттік талдау (ИФТ) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
31. Бактерияларды "классикалық" ПТР, FLASH-ПТР, "шынайы уақыттағы" ПТР, рестрикционды фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу ПТР түрлендіруінде полимеразды-тізбектеу реакциясын пайдаланып сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
32. Бактерияларды ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
33. Бактерияларды иммунохроматографиялық талдау (ИХТ) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
34. Бактерияларды масс-спектрометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
35. Бактерияларды майлы қышқылдар профилін талдау әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
IV. Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) вирусологиялық зерттеу		
36. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) вирустарды, вироидтарды,		2

фитоплазмаларды экстрактіде бөлу	1 үлгі (сынама)	
37. Вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды иммунды ферменттік талдау (ИФТ) әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
38. Вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды "классикалық" ПТР, FLASH-ПТР, "шынайы уақыттағы" ПТР, рестрикционды фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу ПТР түрлендіруінде полимеразды-тізбектеу реакциясын пайдаланып сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
39. Вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
40. Вирустарды, вириодтарды, фитоплазмаларды өсімдік-индикаторларда биотест әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	60
V. Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) нематологиялық зерттеу		
41. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) нематодаларды Берман әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	2
42. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) нематодаларды түтікшелі және түтікшелі-флотационды әдіспен (соның ішінде циста бөлгішті пайдаланып) бөлу	1 үлгі (сынама)	1
43. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) нематодаларды қол әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	1
44. Нематодаларды микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
45. Нематодаларды "классикалық" ПТР, FLASH-ПТР, "шынайы уақыттағы" ПТР, рестрикционды фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу ПТР түрлендіруінде полимеразды-тізбектеу		3

реакциясын пайдаланып сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	
46. Нематодаларды ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
47. Өмірге қауіпті циста түзуші нематодаларды микрокөшіру әдісімен анықтау	1 циста	1
VI. Карантинге жатқызылған материалдардың үлгілерін (сынамаларын) гербологиялық зерттеу		
48. Карантинге жатқызылған өнімдердің (материалдардың) үлгілерінен (сынамаларынан) өсімдіктердің тұқымдарын және (немесе) жемістерін қол әдісімен және (немесе) електен өткізіп бөлу	1 үлгі (сынама)	1
49. Топырақ үлгілерінен (сынамаларынан) өсімдіктердің тұқымдарын және (немесе) жемістерін шаю әдісімен бөлу	1 үлгі (сынама)	2
50. Өсімдіктерді көзбен және (немесе) микропрепаратты дайындамай микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	1
51. Өсімдіктерді микропрепарат дайындаумен микроскопия және морфометрия әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	2
52. Өсімдіктерді классикалық" ПТР, FLASH-ПТР, "шынайы уақыттағы" ПТР, рестрикционды фрагменттердің ұзындығы полиморфизмін зерделеу ПТР түрлендіруінде полимеразды-тізбектеу реакциясын пайдаланып сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	3
53. Өсімдіктерді ДНҚ секвенирлеу әдісімен сәйкестендіру	1 сәйкестендіру	5
54. Өсімдіктердің өмірге қауіпті тұқымдарын тетразолді әдіспен анықтау	1 зерттеу	2
55. Өсімдіктердің өмірге қауіпті тұқымдарын бояу, плазмолизді зерттеу және (немесе) люминесценция әдісімен анықтау	1 зерттеу	2
56. Өсімдіктердің өмірге қауіпті тұқымдарын бақылау әдісімен (тұқымдардың өнгіштігі) анықтау	1 зерттеу	10

* Бір зерттеуде әртүрлі әдістерді қолдану кезінде өткізу мерзімдері бірге есептелуі мүмкін. Өткізу мерзімдерін есептеу үлгілердің (сынамалардың) карантиндік фитосанитариялық (сынақ) зертханасына келіп түскен сәтінен басталады. Үлгілер зертханаға жұмыс күнінің екінші жартысында келіп түскен жағдайда осы күн зерттеу жүргізу мерзімдерінде есептелмейді. Карантиндік объектіні әдістемеге тәуелсіз анықтаған жағдайда қосымша зерттеулер тағайындалуы мүмкін, өткізу мерзімдері толық сәйкестендіруге дейін ұзартылады.

Карантиндік фитосанитариялық
шараларды зертханалық
қамтамасыз ету тәртібіне
№ 2 ҚОСЫМША

Карантиндік фитосанитариялық сараптамалар жүргізу үшін қажетті зертханалық жабдықтар мен материалдардың ТИПТІК ТІЗБЕСІ

Жабдықтар мен материалдардың атауы	Тағайындалуы
I. Энтомологиялық сараптама	
1. Негізгі жабдық	
1. Қол лупаларының жиынтығы (2 х – 10 х)	материалды алғаш тексеру кезінде пайдалану
2. Маңдайға ілетін бинокулярлық лупа	үлгілерді талдау және қарау
3. Стереоскопиялық микроскоп, жалпы үлкейтуі кемінде 80 х, фотокамера қосу мүмкіндігімен. Микрометр окуляры міндетті	жәндіктерді және олардың фрагменттерін зерттеу, микропрепараттар дайындау
4. Биологиялық тікелей микроскоп, жалпы үлкейтуі кемінде 1000 х, фотокамера қосу мүмкіндігімен және жұмыс режимдері: жарық өріс, қараңғы өріс, фазалалық қарама-қарсылық. Микрометр окуляры міндетті	микропрепараттар дайындау
5. Микрометр-объекті	окулярлық микрометрді бөлу бағасын өлшек
6. Зертханалық электронды 500 г кем емес шектеуі бар және дискреттілігі 0,01 г аспайтын таразы	микропрепараттар дайындау үшін химиялық реактивтерді өлшеу
7. Комбинацияланған зертханалық тоңазытқыш (мұздатқыш) (+ 5 / – 20 °С)	үлгілерді уақытша сақтау, белсенді жәндіктерді қимылсыз қалдыру
8. Сорып шығарылған реактивтерді сақтауға арналған шкаф	химиялық реактивтерді сақтау
9. Жалпы қолданылатын 60 °С дейін температураны ұстап тұратын инкубатор (құрғақ ауалы термостат)	жәндіктерді сәйкестендіруге мүмкін болатын деңгейге дейін өсіру
10. Микроскоптарға арналған адаптерлері бар цифрлық фотоаппарат	фотоқұжаттандыру, иллюстрациялық материалды дайындау
11. Електер жиынтығы (0,1 мм – 5,0 мм)	сыпырынды, дән және басқа да сусымалы материалдардың үлгілерін талдау
12. Автоклав	үлгілерді залалсыздандыру
13. Қыздырылатын үстелше	микропрепараттарды құрғату

жұмыстардың барлық түрлерін құжаттандыру,

14. Компьютер жиынтығы

	есетер, анықтамалақ құру, ақпараттық базаны жүргізу және т.б.
15. ӨЖЖ пеші	шағын үлгілерді залалсыздандыру
2. Зертханалық ыдыстар, аспаптар	
16. Пинцеттер: аяқ жағы жалпақ 15-25 сантиметр үшкір көздік 10 сантиметр майда жәндіктерге арналған жұмсақ түрлері	үлгілерді сараптамаға дайындау
17. Скальпельдер: құрсақтық көздік	—"
18. Әртүрлі көлемдегі тік қайшылар	—"
19. Препаровалдық инелер	—"
20. Шпательдер	үлгілерді талдау
21. Секатор	зақымданған және қозғалыссыз түрдегі жәндіктері бар бұтақтарды кесу
22. Әртүрлі көлемдегі қылқаламдар	жәндіктерді жинау
23. Штативтер	түтікшелер үшін пайдалану
24. Заттық шыныларға арналған қораптар (планшеттер)	микропрепараттарды сақтау
25. Сараптамадан кейінгі қалдықтарды төгетін бактар	үлгілерді пайдаға асыру
26. Жиналатын тақталар	үлгілерді талдау
27. Энтомологиялық коллекцияларға арналған қораптар	коллекциялық материалды сақтау
28. Кеңсе керек-жарақтары (жұмыс журналдары, жазу қағазы, қарындаштар, қаламдар, тушь және т.б.)	құжаттаманы жүргізу, энтомологиялық коллекцияларды ресімдеу және т.б.
29. Зертханалық ыдыс және басқа да материалдар (шыны, фарфор, пластик): кептелген тығындары бар банкалар химиялық реактивтерге арналған банкалар түрлі көлемді, қақпақтары берік кептелген бюкстер воронкалар спиртке арналған ыдыстар кептелген пипеткасы бар тамшылатқыштар өлшегіш ыдыс медициналық пипеткалар химиялық, биологиялық түтікшелер зертханалық спиртовкалар әртүрлі химиялық стакандар(50 – 1 000 мл) тигельдер (5 мл және 20 мл) қақпақтары кептелген эксикаторлар	белгілеуіш және басқа да сұйықтықтарды, микропрепараттарды дайындау үшін сараптама жүргізу, белгіленген материалдарды сақтау, энтомологиялық коллекцияларды дайындау және т.б . кезінде пайдалану
3. Шығыс материалдары	
30. Ұстаралық немесе цангалы лезвиялар не бір рет пайдаланатын скальпельдер	микропрепараттарды дайындау
31. Сүзгіш қағаз	үлгілерді орау

32. Мақта	—"
33. Контейнерлер және пакеттер	үлгілерді сақтау
34. Энтомологиялық түйреуіштер	үлгілерді монтаждау және сақтау
35. Этикеткалық таспа	уақытша этикеткалар үшін пайдалану
36. Қақпағы бар микроцентрифугалық түтікшелер 1,5 мл	үлгілерді дайындау және сақтау
37. Пластикалық Петри тостағандары (әртүрлі көлемдегі)	үлгілерді сақтау
38. Заттық шынылар, соның ішінде 1 – 2 шұңқыры бар	микропрепараттарды дайындау
39. Жабын шынылар	—"
40. Автоклавтауға арналған пакеттер	орталарды және ыдыстарды дайындау, өңделген үлгілерді және шығыс материалдарын дезинфекциялау
41. Сағат шынылары	микропрепараттарды дайындау
42. USB-флеш-жинақтауыштар	ақпараты сақтау және есепке алу
4. Химиялық реактивтер	
43. Медициналық спирт 96 %	спиртті тұтыну нормаларына сәйкес пайдалану
44. Фора-Берлез сұйықтығы	микропрепараттарды дайындау
45. Синтетикалық бальзам немесе тұрақты микропрепараттарды белгілеудің өзге жүйесі	—"
46. Глицерин	—"
47. Желатин	—"
48. Өткір калий	—"
49. Мұзды сірке қышқылы	—"
50. Сүт қышқылы	—"
51. Қышқыл фуксин	—"
52. Целлоидин (түссіз лак) немесе тұрақты микропрепараттарды белгілеудің өзге жүйесі	—"
53. Парафин	спирттелген материалды сақтау
54. Формалин	шырынды жемістерді, түйнектерді және т.б. белгілеу
55. Натрий гидроксиді (NaOH)	микропрепараттарды дайындау
5. Әдістемелік, анықтамалық материалдар мен коллекциялар	
56. Әдістемелік материалдар, ұйымдардың стандарттары, диагностикалық хаттамалар	зертханалық сараптамалар жүргізу кезінде басшылық құжаттары ретінде пайдалану
57. Зиянды жәндіктердің карантиндік және карантиндік емес түрлерінің коллекциясы	сараптама жүргізу кезінде салыстыру материалы ретінде пайдалану
58. Анықтағыштар, анықтамалықтар, атластар	сараптама жүргізу кезінде анықтамалық материал ретінде пайдалану
II. Гербологиялық сараптама	
1. Негізгі жабдық	
59. Қол лупаларының жиынтығы (2 x – 10 x)	тексеру және зерттеу уақытында материалдарды бастапқы қарау кезінде қолдану

60. Маңдайға ілетін бинокулярлық лупа	үлгілерді талдау және қарау
61. Стереоскопиялық микроскоп, жалпы үлкейтуі кемінде 50 х, фотокамера қосу мүмкіндігімен. Микрометр окуляры міндетті	тұқымдар мен жемістердің сыртқы морфологиялық белгілерін зерттеу, микропрепараттарды дайындау
62. Биологиялық тікелей микроскоп, жалпы үлкейтуі кемінде 400 х, фотокамера қосу мүмкіндігімен және "жарық өріс" жұмыс режимімен . Микрометр окуляры міндетті	микропрепараттарды зерттеу
63. Объект-микрометр	окулярлық микрометрді бөлу бағасын өлшеу
64. Зертханалық электронды 5 000 г кем емес шектеуі бар және дискреттілігі 0,1 г аспайтын таразы	үлгілерді өлшеу
65. Сорып шығаратын шкаф	дәріленген және шаң-тозанды үлгілерді талдау, химиялық реактивтерді сақтау
66. Микроскоптарға арналған адаптерлері бар цифрлық фотоаппарат	фотоқұжаттандыру, иллюстрациялық материалды дайындау
67. Електер жиынтығы (0,1 – 5,0 мм)	сусымалы материалдардың үлгілерін талдау
68. Автоклав	үлгілерді залалсыздандыру
69. Сорып шығарылған реактивтерді сақтауға арналған шкаф	химиялық реактивтерді сақтау
70. Компьютер жиынтығы	жұмыстардың барлық түрлерін құжаттандыру, есептер, анықтамалар құру, ақпараттық базаны жүргізу және т.б.
2. Зертханалық ыдыс, аспаптар және басқа да шығыс материалдары	
